

**"Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 190 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 268 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қазанда № 3511 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 244 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.09.2015 № 244 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 133 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 9432) бұйрығы негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 190 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3445, 2014 жылғы 16 тамыздағы № 94 (17031) "Дидар", 2014 жылғы 18 тамыздағы № 94 (19541) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру және қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

9-тармақтың үшінші бөлігі алынсын;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар)

реттілігінің, қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің толық сипаттамасы осы регламенттің 3 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы "электрондық үкімет" веб-порталында және қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.";

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;  
аталған қаулымен бекітілген "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемада көрсетілген.";

8-тармақтың үшінші бөлігі алынсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы "электрондық үкімет" веб-порталында және қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша";

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын;

аталған қаулымен бекітілген "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемада көрсетілген.";

8-тармақтың үшінші бөлігі алынсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің

анықтамалығы "электрондық үкімет" веб-порталында және қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша";

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.


2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің	
міндетін атқарушы	Е. Көшербаев


	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы " 10 " қазандағы № 268 қаулысына 1 қосымша
	"Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру және қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3 қосымша

## "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру және қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы


### 1. Қызмет беруші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде



## 2. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде



### Шартты белгілер:



### Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің

## "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы

### Қызмет беруші арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде



### Шартты белгілер:



- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



- қызмет алушының рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің аталуы



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

## "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы

### Қызмет беруші арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде



### Шартты белгілер:



- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



- қызмет алушының рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің аталуы



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту